

## **«АЕО» ЖШС-ның Жеке кабинеті қолданушылары үшін акция өткізу ережесі**

### **Ұйымдастырушылар:**

- «Ақпараттық-есептеу орталығы» ЖШС (бұдан әрі – «АЕО» ЖШС)  
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Ғабдуллин көш., 90А үйі
- «Dream Club» коалициялық бейілділік жүйесі  
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 110Е үйі

### **Акция ережелері:**

«АЕО» ЖШС-ның шот-түбіртегі бойынша Жеке кабинеттен (бұдан әрі - ЖК) тұрғын үй-коммуналдық қызметті төлеп, төленген сомадан 2% cash-back-ті «Dream Club» жүйесіндегі бонус түрінде ал.

**Акция кезеңі:** 2018жылғы 1 сәуірден бастап – мерзімсіз (Ұйымдастырушылардың қалауына қарай).

### **Қатысу шарттары:**

1. Қатысушы (Қолданушы) «АЕО» ЖШС сайтындағы ЖК-да ([www.ivc.kz](http://www.ivc.kz)) «Dream Account» есептік жазбаларды бірыңғай жүргізу жүйесі [www.dreamaccount.kz](http://www.dreamaccount.kz) арқылы тіркелу керек (Қатысушының «Dream Account» бұрыннан бар болса, «АЕО» ЖК-сына кіру үшін сол аккаунтты пайдалануына болады).
2. Тіркелу кезінде сайтта барлық жолды міндетті түрде толтыру керек, сондай-ақ Қатысушының «Dream Club» бейілділік клубына кіруге міндетті түрде келісімі болуы шарт.
3. Қатысушы «АЕО» ЖШС-ның Жеке кабинетінен шот-түбіртегі бойынша қызметтерді төлейді. АЕО ЖШС «Dream Club» бейілділік бағдарламасының серіктесі бола отырып, төлем сомасынан 2% мөлшерінде бонус (cash-back) береді.
4. Қатысушыға бір күнтізбелік айға (есеп беру кезеңіне) түбіртек төлеген кезде 20-ға жуық транзакция жасауға мүмкіндігі бар.

### **Бонустарды алу:**

1. «АЕО» ЖШС-ның ЖК арқылы шот-түбіртектегі төлеген кезде Қатысушыға түбіртек бойынша төлеген сомдан 2% cash-back автоматты түрде берілгені туралы сайтта хабарланады.
2. Бонустар «Dream Club» ([www.dreamclub.me](http://www.dreamclub.me)) сайтындағы ЖК-да көрініп тұрады, оған Қатысушы өзінің бірыңғай Dream Account бойынша кіре алады.
3. Қатысушы жиналған бонустарды «АЕО» ЖШС-ның шот-түбіртектері бойынша қызметтерді төлеуге, сондай-ақ бейілділік бағдарламасына қатысатын өнімді сатып алуға, бонустарды электрондық әмиянға немесе ұялы операторға аударуға жұмсау мүмкіндігіне ие болады.
4. Бонустарды тауарлардың немесе қызметтердің, соның ішінде АЕО қызметтерінің ақысын төлеу кезінде cash-back есептелмейді.

### **Ұйымдастырушылар құқығы:**

Ұйымдастырушылар Жалпы шарттар бойынша акция өткізу ережелерін өзгертуге, есептелетін бонустардың мөлшерін, акцияның өтетін уақытын және басқа да шарттарды өзгертуге құқылы.

### **Қатысушының тіркелу кезіндегі келісімі:**

1. Қатысушы тіркелу кезінде [www.dreamaccount.kz](http://www.dreamaccount.kz) сайтындағы міндетті жолдарды толтыра отырып, Ұйымдастырушыға және оның өкіліне өзінің жеке басы туралы деректерді беруге, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға, сондай-ақ оларды әрі қарай Ұйымдастырушы өткізетін акция аясында пайдалануына келісімін береді.
2. Қатысушы Акция шарттарымен толық келіседі, сондай-ақ Ұйымдастырушыдан, сонымен бірге «Dream Club» бейілділік клубының Серіктестері өткізетін Акциялар аясында ақпараттық хабарлама, соның ішінде SMS, WhatsApp немесе электрондық пошта арқылы алуға келісімін береді.

Бонустар жайлы ақпарат алу контактілері:

- 7775/3775 жедел желі телефондары арқылы
- [help@dreamclub.kz](mailto:help@dreamclub.kz) поштасы арқылы
- VK және FB әлеуметтік желілеріндегі DreamClub тобы арқылы.